Маманға арналған орнату және қызмет көрсету нұсқаулығы


Газ конденсациялық қазандық

Logamax plus GB182i.2

GB182i.2-35 H | GB182i.2-45 H | GB182i.2-50 W H |

Buderus

Пайдаланудан бұрын мұқият оқып шығыңыз.



6721110091 (2025/12) KZ

Мазмұны

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері. 2
1.1 Таңбалардың мәні. 2
1.2 Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар 2

2 Өнім туралы мәліметтер. 4

3 Басқару 4
3.1 Басқару панеліне шолу 4
3.2 Қызмет көрсету мәзірін басқару 4
3.3 Температураны орнату 4

4 Термиялық дезинфекциялау. 5

5 Кеу (қосымша құрылғы). 5

6 Ақаулар 5
6.1 Газ кранын ашу/жабу 5
6.2 Ақауларды қалпына келтіру 6

7 Техникалық қызмет көрсету 6

8 Қуат тұтыну туралы өнім деректері 7

9 Қоршаған ортаны қорғау және Қайта өңдеуге жіберу 8

10 Деректерді қорғау нұсқаулары. 9

11 Терминдер 9

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері

1.1 Таңбалардың мәні

Ескертетін нұсқаулар

Ескертулерде сигналдық сөздер қауіптің алдын алу шаралары сақталмаған жағдайда зардаптардың түрі мен ауырлығын көрсетеді.

Бұл құжатта келесі сигналдық сөздер анықталған және қолданылуы мүмкін:

ҚАУІП

ҚАУІПТІ ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келетіндігін білдіреді.

ЕСКЕРТУ

ЕСКЕРТУ ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ таңбасы жеңіл және орташа деңгейдегі жарақат алу қаупі бар екенін білдіреді.

ҰСЫНЫС

ҚАУІП материалдық шығын орын алуы мүмкін екенін білдіреді.

Маңызды ақпарат

Адамдардың өміріне төнетін қауіпке немесе материалдық зиянға қатысты емес маңызды ақпарат ақпараттық таңбамен белгіленеді.

1.2 Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар

⚠ Мақсатты топқа арналған нұсқаулар

Осы пайдалану нұсқаулығы жылыту қондырғысының тұтынушысына арналған.

Барлық нұсқаулықтардағы нұсқауларды сақтаған жөн. Нұсқауларды сақтамаған жағдайда материалдық шығындар мен адамдардың өлім қатеріне дейін әкелетін шығын болуы мүмкін.

- Басқаруды бастамас бұрын пайдалану нұсқаулығын (жылу генераторы, жылыту реттегіштері, т.б.) оқып шығып, сенімді жерде сақтаңыз.
- Қауіпсіздік техникасы мен ескертулерді қадағалаңыз.
- Жылу генераторын тек орнатылған және жабық қаптауышымен пайдаланыңыз.

⚠ Мақсаты бойынша пайдалану

Өнім тек суды қыздыру үшін немесе судың белгілі бір температурасын сақтау үшін ғана қолдануға болады.

Кез келген басқа пайдалану мақсатынан тыс қолдану деп саналады. Орын алған зақымдар үшін өндіруші жауап бермейді.

⚠ Газ иісі кезіндегі әрекеттер

Газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды. Газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Алау мен ұшқынның шығуына жол бермеңіз:
  - Шылым шегуге, автомобиль немесе сіріңке пайдалануға тыйым салынады.
  - Электр қосқыштарды қолданбаңыз, штекерлерді ажыратпаңыз.
  - Телефонмен сөйлесуге немесе қоңырау шалуға тыйым салынады.
- ▶ Басты блоктау құрылғысында немесе газ есептеуішінде газ беруді жабыңыз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Барлық тұрғындарға хабарландырып, ғимаратты босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Ғимараттан тыс: өрт сөндіру қызметіне, полицияға және газбен қамтамасыз ету кәсіпорнына қоңырау шалыңыз.

⚠ Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі

Пайдаланылған газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды.

- ▶ **Ешбір жағдайда газ беру құбырының пішінін өзгертуге болмайды**.

Пайдаланылған газдар құбырына зақым келгенде немесе тығыз емес жағдайда не газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Жылу генераторын өшіріңіз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Барлық тұрғындарға хабарлап, ғимаратты дереу босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Тіркелген маманға хабарлаңыз.
- ▶ Кемшіліктерді дереу жойыңыз.

⚠ Көміртек тотығы өмірге қауіпті

Көміртек тотығы (CO) – бұл әсіресе мұнай, газ немесе қатты жанармай тәрізді қазба жанармайларының толық жануында өндірілген улы газ.

Көміртек тотығының ақаулық немесе шығып кету салдарынан жүйеден ағуы және үй-жайларда білінбей жиналып қалуы кезінде қауіп пайда болады.

Көміртек тотығын көру, дәмін тату немесе иісін сезу мүмкін емес.

Көміртек тотығынан пайда болатын қауіптердің алдын алу үшін:

- ▶ Жүйені үнемі тіркелген мамандандырылған кәсіпорынның көмегімен тексеріп және жөндеп тұрыңыз.
- ▶ CO шығысы туралы уақытылы ескертіп тұратын CO датчиктерін пайдаланыңыз.
- ▶ CO-шығысы күдіктелгенде:
  - Барлық тұрғындарға хабарлап, ғимаратты дереу босатыңыз.
  - Тіркелген мамандандырылған кәсіпорынына хабарласыңыз.
  - Кемшіліктерді дереу жойыңыз.

⚠ Тексеру, тазалау және техникалық қызмет көрсету

Соңғы тұтынушы жылыту қондырғысының қауіпсіздігі мен экология талаптарына сәйкестігіне жауап береді.

Тексермеу немесе дұрыс емес тексеру, тазалау және техникалық қызмет көрсету жарақаттарға, өлімге әкеп соғуы немесе материалдық залал келтіруі мүмкін.

Біз жылдық тексеру және қажеттілікке қарай техникалық қызмет көрсету мақсатында ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынмен келісім жасасуға кеңес береміз.

- ▶ Жұмыстар тек ресми түрде рұқсаты бар мамандандырылған кәсіпорынмен атқарылуы керек.
- ▶ Ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынның мамандарына жылына кемінде бір рет жылыту жүйесін қарап шығуды тапсыру қажет.
- ▶ Тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша қажетті операцияларды дереу орындаңыз.
- ▶ Жылыту қондырғысының анықталған ақаулары жыл сайынғы тексеруге қарамастан дереу жойылуы тиіс.

⚠ Қайта жабдықтау және жөндеу

Жылу алмастырғыштың конструкциясын немесе жылыту қондырғысының басқа бөлшектерін өзгерту адамдардың жарақаттануына және/немесе материалдық зияндарға әкелуі мүмкін.

- ▶ Жұмыстар тек ресми рұқсатқа ие мамандандырылған кәсіпорынмен орындалуы керек.
- ▶ Калорифер қабын ешқашан алып тастамаңыз.
- ▶ Калорифер конструкциясына немесе жылыту қондырғысының басқа бөлшектеріне өзгерістер енгізбеңіз.
- ▶ Сақтандырғыш клапандардың шығаратын саңылауын еш жағдайда жаппаңыз. Қызған кезде бойлері бар жылыту жүйелерінде бойлердің сақтандырғыш клапанына су кіруі мүмкін.

⚠ Бөлмедегі ауаға белгілі бір талаптар қоя отырып пайдалану

Егер калорифер жағу үшін ауаны бөлмеден алатын болса, орнату орны жақсы желдетілуі керек.

- ▶ Есіктерде, терезелерде және қабырғаларда желдету саңылауларын кішірейтуге немесе жабуға тыйым салынады.
- ▶ Маманмен сөйлескеннен кейін желдетуге қойылатын талаптардың қадағалануына көз жеткізіңіз:
  - құрылысы өзгерген жағдайда (мысалы, терезелер мен есіктерді ауыстыру)
  - пайдаланылған ауаны сыртқа шығара отырып, аспаптарды қосымша орнатқан жағдайда (мысалы, сорғыш желдеткіштер, асүй желдеткіштері немесе кондиционерлер).

⚠ Жағуға арналған ауа/бөлмедегі ауа

Қондырғы қойылатын бөлмедегі ауада тұтанғыш немесе химиялық агрессивті заттар болмауы керек.

- ▶ Оңай тұтанатын немесе жарылыс қауіпті материалдарды (қағаз, бензин, еріткіштер, бояулар, т.б.) жылу генераторының жанында қолдануға немесе сақтауға тыйым салынады.
- ▶ Коррозия тудыратын материалдарды (еріткіштер, желім, хлорлы тазартуға арналған құралдар т.б.) жылу генераторының жанында қолдануға немесе сақтауға тыйым салынады.

⚠ Аяздың кесірінен болған материалдық шығын

Егер жылыту қондырғысы аяздан қорғалмаған ғимараттың ішіне орнатылған болса **және** өшірілген болса, аяз кезінде қатып қалу қаупі пайда болады. Жылытудың жаздық немесе блокталған режимінде қатып қалу қаупі бар.

- ▶ Мүмкіндігінше жылыту құрылғысын әрқашан қосулы күйде және температураны 30 °C ұстаңыз,
  -немесе-
- ▶ Жылыту жүйесі мен ауыз су құбырлары маман тарапынан ең төменгі нүктеден ағызылуы тиіс.
  -немесе-
- ▶ Маманға жылыту суына антифриз қосуға және ыстық су айналымын ағызуға тапсырыс беріңіз.
- ▶ Қолданыстағы антифризге кепілдік берілгенін әр 2 жыл сайын тексеріңіз.

⚠ Тұрмыстық қолдану және соған ұқсас мақсаттар үшін электр аспаптарының қауіпсіздігі

EN 60335-1 стандартына сәйкес электр аспаптарынан қауіптерге жол бермеу үшін келесі нұсқаулар бар:

«Бұл аспапты бақылаумен немесе қауіпсіз пайдалану нұсқаулығын өтіп, осы аспапқа байланысты қауіптерді түсінетін жағдайда 8 жасқа толған балалар, сәйкесінше шектеулі физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі не білімі жеткіліксіз тұлғалар пайдалана алады. Балалардың аспаппен

ойнауына жол бермеңіз. Тазалау және техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындамауы керек.»


«Егер желілік қорек кабелі зақымданған болса, қауіптерге жол бермеу үшін оны өндіруші сервистік қызмет қызметкерімен немесе ұқсас біліктілікке ие басқа тұлға арқылы ауыстыру қажет.»

2 Өнім туралы мәліметтер

3 Басқару

Осы пайдалану нұсқауларында қабырғаға орнатылған газ конденсациялық қазандықтарының жұмысы сипатталады. Жылу реттегішіне байланысты кейбір функциялардың жұмысы сипаттамасынан өзгеше болуы мүмкін. Пайдаланатын жылу реттегішінің пайдалану бойынша нұсқауларын қараңыз.

3.1 Басқару панеліне шолу



Сурет 1 Шолу

[1] Жанарғы көрсеткіші: жанарғы жанған кезде жанады.
[2] Дисплей
[3] ▲ және ▼ түймелері: мәзірлер бойынша шарлау және берілген мәндерді арттыру/азайту.
[4] ⮌ түймесі: артқа
[5] **ok** түймесі:
– Параметрлерді растаңыз/сақтаңыз.
– Мұржа тазалау түймесі:
Мұржа тазалау режимін қосу үшін 5 секунд басып тұрыңыз.
– Eco және алдын ала қыздыру (жайлылық) жұмыс режимдері арасында ауысу.
[6] Мәзір түймесі
[7] Ыстық су түймесі: ыстық су режимінің негізгі экраны
[8] Қыздыру түймесі: қыздыру режимінің негізгі экраны

Пайдаланушы мәзірлерінің сипаттамасын пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

Қызмет көрсету мәзірі құрылғының көптеген функцияларын орнатуға және тексеруге мүмкіндік береді. Оған мыналар кіреді:

- Ақпарат: ақпаратты көрсету
- Параметрлер: жалпы ақпарат және құрылғыға арнайы параметрлер
- Функционалдық сынақ: функционалдық сынақтар мен функционалдық сынақтарды бастау параметрлері
- Қалпына келтіру: әдепкі параметрлерді қалпына келтіру, техникалық қызмет көрсету аралықтарын қалпына келтіру
- Демо режимі: функцияларды сынауға және көрсетуге арналған жұмыс режимі. Аяқтау үшін құрылғыны өшіріңіз.

3.2 Қызмет көрсету мәзірін басқару

Қызмет көрсету мәзірін ашу

▶ және түймесін қызметтер мәзірі көрсетілгенше бір уақытта басыңыз.

Қызмет көрсету мәзірін жабу

▶ немесе түймесін басыңыз.

-немесе-

▶ ⮌ түймесін басыңыз.

Мәзір арқылы шарлаңыз

▶ Мәзірді немесе мәзір элементін таңдау үшін ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз.
▶ **ok** түймешігін басыңыз.
Мәзір немесе мәзірдің бір бөлігі көрсетіледі.
▶ Жоғары мәзір деңгейіне өту үшін ⮌ түймесін басыңыз.

Берілген мәндерді өзгерту

▶ **ok** түймесі бар мәзір элементін таңдаңыз.
▶ Қажетті мәнді таңдау үшін ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз.
▶ **ok** түймешігін басыңыз.
Жаңа мән сақталады.

Мәзірдің бөлігінен мәндерді сақтамай шығу

▶ ⮌ түймесін басыңыз.
Мән сақталмайды.

3.3 Температураны орнату

Егжей-тегжейлі жұмыс параметрлері

Құрылғының жұмысы

▶ Орталық жылытуға арналған беру температурасының және ыстық судың орнатылған температурасының параметрі, сондай-ақ жұмыс параметрлері мәзірі туралы толық ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

ЕСКЕРТУ

Күйіп қалу қаупі!

▶ Құрылғы зауытта шамамен 65 °C қыздыру температурасына орнатылған. Бұл температура көптеген қондырғыларға сәйкес болуы керек. Егер қазандық жылыту режимінен ыстық су режиміне ауысса және ыстық суды дайындауға қарағанда қыздыру үшін жоғарырақ температура орнатылса, ыстық судың температурасы ыстық судың орнатылған температурасынан аз уақыт асып кетуі мүмкін. Егер қыздыру температурасы 65 °C-тан жоғары көтерілсе, осал адамдарды күйіп қалудан қорғау үшін термостатикалық араластырғыш клапандар (TMB) пайдалану орнында (мысалы, ваннадағы немесе душтағы ыстық су шүмегінің алдында) орнатылуы керек.

4 Термиялық дезинфекциялау

Ыстық судың бактериялық ластануын (мысалы, легионелламен) болдырмау үшін ұзақ уақыт әрекетсіздіктен кейін термиялық дезинфекциялау жүргізуді ұсынамыз.

Термиялық дезинфекциялауды жүргізу үшін ыстық суды басқару құралы бар жылыту реттегішін бағдарламалауға болады. Балама ретінде термиялық дезинфекциялауды жүргізу үшін маманға жүгінуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бумен күйіп жарақаттану қаупі бар!

Қыздырып залалсыздандыру кезінде ыстық суды төгу бумен қатты күйіп қалуға себепші болуы мүмкін.

- Қыздырып залалсыздандыру үшін ыстық судың ең жоғарғы орнатуға болатын температурасын қолданыңыз.
- Бумен күю қаупінің бар екенін үй тұрғындарына ескертіңіз.
- Термикалық залалсыздандыруды құрылғының әдеттегі қолданыс уақытынан тыс кезде орындаңыз.
- Ыстық суды араластырылмаған күйде төкпеңіз.


Тиісті термикалық залалсыздандыру жылы су жүйесін қоса қамтиды, соның ішінде крандарды қосқанда.

- Жылыту реттегішінің ыстық су бағдарламасында термиялық дезинфекциялауды орнатыңыз (→ жылыту реттегішінің пайдалану нұсқаулығы).
- Жылы су крандарын жабыңыз.
- Кез келген қолжетімді циркуляциялық сорғыны үздіксіз жұмыс режиміне орнатыңыз.
- Максималды температураға жеткеннен кейін: 3 минут ішінде 70 °C ыстық су аққанша, ең жақын жердегі су алу нүктесіне мен ең алыс жердегі су алу нүктесіне дейін ыстық суды кезекпен алыңыз.
- Бастапқы параметрлерді қалпына келтіріңіз.


5 Кеу (қосымша құрылғы)

Кеу құрылғының қосымша функцияларын қосады (→ Кеу орнату және пайдалану нұсқаулығы).

- Кеу кірістіріңіз.



Сурет 2 Кеу-слоттың орналасқан жері



Сурет 3 Кеу бекіту

- Тұтқаны алға тартыңыз [2].
  Кеу бекітілді.
  Жарық диоды [1] жасыл түспен жыпылықтайды.


Қалыпты режимде жарық диоды энергияны үнемдеу үшін сөнеді.

Жарық диодының күйі туралы қосымша ақпарат → Кеу орнату және пайдалану нұсқаулығы.

6 Ақаулар

6.1 Газ кранын ашу/жабу

- Тұтқасын басып, оны барынша солға қарай бұраңыз (ағыс бағытындағы тұтқа = ашық).
- Тұтқасын басып, оны барынша оңға қарай бұраңыз (ағысқа көлденең тұтқа = жабық).



Сурет 4 Газ кранын ашыңыз

6.2 Ақауларды қалпына келтіру

⚠ таңбасы ақау орын алғанын көрсетеді. Ақау себебі кодпен көрсетіледі (мысалы, **228** ақаулық коды).

Ақауды қалпына келтіру үшін қайталама әрекеттер қауіпсіздік мақсатында құрылғының құлыпталуына әкелуі мүмкін (**2980** ақаулық коды). Бұл құлыпты тек мамандандырылған кәсіпорын немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы орнатылған орнында ақаудың себебін анықтағаннан және жойғаннан кейін ғана алып тастай алады.

- ▶ Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.

-немесе-

- ▶ Құрылғыдағы ақауды қалпына келтіріңіз.
  Ақау жойылғаннан кейін құрылғы қайтадан жұмыс істей бастайды.

Ақау жойылмаса:

- ▶ Қондырғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дереу мамандандырылған кәсіпорынға немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- ▶ Ақаулық кодын және құрылғы деректерін беріңіз.
- ▶ Оқиға орнында кездесуді ұйымдастырыңыз және ақаудың себебін анықтап, дереу жоюды тапсырыңыз.

Құрылғы деректері	
Құрылғы атауы	
Сериялық нөмірі	
Іске қосу күні	
Қондырғы өндірушісі	

Кесте 1 Ақау болған жағдайда берілетін құрылғы деректері

7 Техникалық қызмет көрсету

⚠ Тексеру, тазалау және техникалық қызмет көрсету

Соңғы тұтынушы жылыту қондырғысының қауіпсіздігі мен экология талаптарына сәйкестігіне жауап береді.

Тексермеу немесе дұрыс емес тексеру, тазалау және техникалық қызмет көрсету жарақаттарға, өлімге әкеп соғуы немесе материалдық залал келтіруі мүмкін.

Біз жылдық тексеру және қажеттілікке қарай техникалық қызмет көрсету мақсатында ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынмен келісім жасасуға кеңес береміз.

- ▶ Жұмыстар тек ресми түрде рұқсаты бар мамандандырылған кәсіпорынмен атқарылуы керек.
- ▶ Ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынның мамандарына жылына кемінде бір рет жылыту жүйесін қарап шығуды тапсыру қажет.
- ▶ Тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша қажетті операцияларды дереу орындаңыз.
- ▶ Жылыту қондырғысының анықталған ақаулары жыл сайынғы тексеруге қарамастан дереу жойылуы тиіс.

Қаптамаларды тазалау

Агрессивті немесе зиянды тазалау құралдарын қолданбаңыз.

- ▶ Ылғал шүберекпен қаптамаларды сүртіңіз.

Жылытудың жұмыс қысымын тексеру

Әдетте жұмыс қысымы 1–2 барды құрайды.

Егер неғұрлым жоғары жұмыс қысымы қажет болса, нақты құнын өз маманыңыздан ала аласыз.

- ▶ Желдету кілтінің **ok** түймесін басыңыз.
  Дисплейде жұмыс қысымы көрсетіледі.

Ақаулық көрсеткіші: Жұмыс қысымы тым төмен

Егер жылыту жүйесіндегі жұмыс қысымы орнатылған ең төменгі қысымнан төмен түссе, дисплейде **LoPr => L0.X бар** хабарламасы көрсетіледі. Жұмыс қысымы тым төмен.

- ▶ Жылыту жүйесін толтырыңыз.

Егер жылыту жүйесіндегі жұмыс қысымы 0,3 бардан төмен түссе, дисплейде жұмыс қысымымен кезектесіп **LoPr** хабарламасы көрсетіледі. Сосын жылыту жүйесі бұғатталады.

- ▶ Жылыту жүйесін толтырыңыз.

Жылыту суын толтыру

ҰСЫНЫС


Температура кернеулері кезіндегі материалдық шығын!

Суық жылыту суын толтыру кезінде термиялық кернеулер жарықшалардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Жылыту қондырғысын тек суық күйінде толтырыңыз.
  Максималды беру температурасы 40 °C.

Ыстық судың максималды температурасында **максималды қысымды** 3 бардан арттыруға тыйым салынады (сақтандырғыш клапан ашылады).

- ▶ Құю құралын ашып, жылыту қондырғысын толтырыңыз.



Сурет 5 Құю құралын ашыңыз

Жылыту қондырғысынан ауаны шығарыңыз

Если нагревательный элемент (Жылытқыш) нагревается неравномерно:

- ▶ Жылытқыштағы ауаны шығарыңыз.

Күнмен жылыту қондырғысының жылу тасымалдағышын тексеріңіз және толтырыңыз

Жылу тасымалдағышты тек бір маман толтыра алады.

- ▶ Жыл сайын жылу тасымалдағыштың қатып қалудан қорғауды тексеріңіз.

- Әрбір 2 жыл сайын жылу тасымалдағыштың коррозияға қарсы қорғанысын (pH мәнін) тексеріңіз.

Максималды қысым 6 бар, күнмен жылыту қондырғысы максималды температурада болған кезде арттыруға рұқсат етілмейді (Сақтық клапаны ашық).

8 Қуат тұтыну туралы өнім деректері

Бұл құжат (EU) № 811/2013, (EU) № 813/2013 және (EU) № 2017/1369 құжаттарына, атап айтқанда 12 (5) бабына сәйкес келесілерге қатысты ақпараттық талаптарды қамтиды: модельдің жалпы сипаттамасы, модельдің өлшенген техникалық параметрлері

Өнім деректері	Таңба	Бірлік	7736903085
Өнімнің түрі	–	–	GB182i.2-35 H
Белгіленген жүктеме профилі	–	–	–
Энергия тиімділігі класы	–	–	A
Су жылытудың энергия тиімділігі класы	–	–	–
номиналды жылу өнімділігі кезінде	$P_{номиналды}$	кВт	34
Энергияның жылдық тұтынуы (орташа климаттық жағдайлар)	Q_{HE}	кВтсағ	–
Энергияның жылдық тұтынуы	Q_{HE}	GJ	61
Жылдық ток шығыны	AEC	кВтсағ	–
Жылдық отын шығыны	AFC	GJ	–
Үй-жайларды маусымдық жылытудың энергия тиімділігі	η_c	%	94
Су жылытудың энергия тиімділігі	η_{wh}	%	–
Үй-жайдағы дыбыс қуатының деңгейлері	L_{WA}	дБ	51
Қуаты ең жоғарғы деңгейде болмаған сағаттарда жұмыс істеу мүмкіндігі бойынша деректер			жоқ
Құрастыру, орнату немесе техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы керек сақтық шаралары (егер қолданылатын болса)			→ Орнату және техникалық қызмет көрсету нұсқаулары
Конденсациялық қазан	–	–	иә
Жылытқыш қазан	–	–	жоқ
Қазандықтың түрі B1	–	–	жоқ
Электр және жылу энергиясын біріктіріп өндіретін бөлме жылытқышы	–	–	жоқ
Құрамдастырылған құрылғы	–	–	жоқ
Пайдалы жылу қуаты			
Номиналды жылу қуатында және жоғары температура режимінде	P_4	кВт	33,6
30% номиналды жылу қуаты мен төмен температура режимінде	P_1	кВт	11,4
Өнімділік			
Номиналды жылу қуатында және жоғары температура режимінде	η_4	%	88
30% номиналды жылу қуаты мен төмен температура режимінде	η_1	%	99,1
Қосалқы ток шығыны			
Толық жүктеме кезінде	$el_{макс}$	кВт	0,052
Ішінара жүктеме кезінде	$el_{мин}$	кВт	0,011
Жұмысқа дайын күйде	P_{SB}	кВт	0,003
Басқа деректер			
Жұмысқа дайын күйде жылудың жоғалуы	P_{stby}	кВт	0,085
Жанғыш алаудың энергияны тұтынуы	P_{ign}	кВт	–
Азот оксидінің шығарындысы (тек газ немесе май үшін)	NO_x	мг/кВтсағ	46
Аралас жылыту құрылғылары туралы қосымша мәліметтер			
Токтың күнделікті тұтынуы (орташа климаттық жағдайлар)	Q_{elec}	кВтсағ	–
Күнделікті отын шығыны	Q_{fuel}	кВтсағ	–

Кесте 2 Энергия тұтыну туралы өнім деректері

Келесі өнім деректері ЕО № 811/2013 және № 813/2013 ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнім деректері	Таңба	Бірлік	7736903086	7736903087
Өнімнің түрі	–	–	GB182i.2-45 H	GB182i.2-50 H
Белгіленген жүктеме профилі	–	–	–	–
Энергия тиімділігі класы	–	–	A	A
Су жылытудың энергия тиімділігі класы	–	–	–	–
номиналды жылу өнімділігі кезінде	$P_{номиналды}$	кВт	43	48

Өнім деректері	Таңба	Бірлік	7736903086	7736903087
Энергияның жылдық тұтынуы (орташа климаттық жағдайлар)	Q_{HE}	кВтсағ	–	–
Энергияның жылдық тұтынуы	Q_{HE}	GJ	77	85
Жылдық ток шығыны	AEC	кВтсағ	–	–
Жылдық отын шығыны	AFC	GJ	–	–
Үй-жайларды маусымдық жылытудың энергия тиімділігі	η_c	%	94	94
Су жылытудың энергия тиімділігі	η_{wh}	%	–	–
Үй-жайдағы дыбыс қуатының деңгейлері	L_{WA}	дБ	52	53
Қуаты ең жоғарғы деңгейде болмаған сағаттарда жұмыс істеу мүмкіндігі бойынша деректер			жоқ	жоқ
Құрастыру, орнату немесе техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы керек сақтық шаралары (егер қолданылатын болса)			→ Орнату және техникалық қызмет көрсету нұсқаулары	→ Орнату және техникалық қызмет көрсету нұсқаулары
Конденсациялық қазан	–	–	иә	иә
Жылытқыш қазан	–	–	жоқ	жоқ
Қазандықтың түрі B1	–	–	жоқ	жоқ
Электр және жылу энергиясын біріктіріп өндіретін бөлме жылытқышы	–	–	жоқ	жоқ
Құрамдастырылған құрылғы	–	–	жоқ	жоқ
Пайдалы жылу қуаты				
Номиналды жылу қуатында және жоғары температура режимінде	P_4	кВт	42,6	47,8
30% номиналды жылу қуаты мен төмен температура режимінде	P_1	кВт	14,4	16,1
Өнімділік				
Номиналды жылу қуатында және жоғары температура режимінде	η_4	%	88,2	88,1
30% номиналды жылу қуаты мен төмен температура режимінде	η_1	%	99,1	99,1
Қосалқы ток шығыны				
Толық жүктеме кезінде	$el_{макс}$	кВт	0,053	0,084
Ішінара жүктеме кезінде	$el_{мин}$	кВт	0,013	0,016
Жұмысқа дайын күйде	P_{SB}	кВт	0,003	0,003
Басқа деректер				
Жұмысқа дайын күйде жылудың жоғалуы	P_{stby}	кВт	0,085	0,085
Жанғыш алаудың энергияны тұтынуы	P_{ign}	кВт	–	–
Азот оксидінің шығарындысы (тек газ немесе май үшін)	NO_x	мг/кВтсағ	49	50
Аралас жылыту құрылғылары туралы қосымша мәліметтер				
Токтың күнделікті тұтынуы (орташа климаттық жағдайлар)	Q_{elec}	кВтсағ	–	–
Күнделікті отын шығыны	Q_{fuel}	кВтсағ	–	–

Кесте 3 Қуат тұтыну туралы өнім деректері

Орнату және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ қайта өңдеу және/немесе кәдеге жарату бойынша арнайы сақтық шаралары орнату және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ пайдалану нұсқаулығында сипатталған. Орнату және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ пайдалану нұсқаулығын оқып шығып, оларды орындаңыз.

9 Қоршаған ортаны қорғау және Қайта өңдеуге жіберу

Қоршаған ортаны қорғау—Bosch компаниялар тобының кәсіпкерлік принципі болып табылады

Өнім сапасы, үнемділік және қоршаған ортаны қорғау біз үшін маңыздылығы бірдей мақсаттар болып табылады. Біз қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен ережелерді қатаң қадағалаймыз.

Қоршаған ортаны қорғау үшін үнемділікпен қатар, ең үздік технологиялар мен материалдарды қолданамыз.

Қаптама

Қаптамаға қатысты айтарымыз, біз оңтайлы қайта өңдеу шарттарын ұсынатын жергілікті қаптама жасау мекемелерімен бірге қызмет етеміз.

Қолданылатын барлық қаптамалар қоршаған ортаға қауіпсіз және қайта өңдеуге жарамды.

Қызмет көрсету мерзімі аяқталған жабдықтар

Ескі құрылғылар құрамында қайта өңделе алынатын бағалы заттар бар.

Түйіндер оңай ажырайды. Пластмасса элементтер таңбаланған. Осылайша әр түрлі түйіндерді сұрыптап, оларды екінші рет пайдалануға немесе қайта өңдеуге жіберуге болады.

Ескі электр және электронды құрылғылар



Бұл белгі өнімнің басқа қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтындығын көрсетеді, оның орнына өңдеу, жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін қалдықтарды жинау орындарына апару керектігін білдіреді.

Таңба электр және электронды құрылғылардың қалдықтарына байланысты ережелер қолданылатын елдерде жарамды, мысалы: «(Ұлыбритания) 2013 жылғы электр және электронды құрылғы қалдықтарының ережелері (түзетулермен)». Әр елде қабылданған бұл ережелер қолданылған электронды құралдарды кері желі үшін және қайта өңдеуде негіз болып табылады.

Электрондық құрылғыларда қауіпті заттар болуы мүмкін болғандықтан, қоршаған ортаға және адам денсаулығына кез келген ықтимал зиянды азайту үшін оларды жауапкершілікті ала отырып, қайта өңдеу қажет. Сонымен қатар, электрондық қалдықтарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі.

Электр және электронды құрылғыларда экологиялық кәдеге жарату туралы қосымша ақпарат алу үшін тиісті жергілікті билік органдарына, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша техникалық қызметіне көрсетуге немесе өнімді сатып алған сатушыға хабарласыңыз.

Қосымша ақпаратты осы жерден таба аласыз:
www.bosch-homecomfortgroup.com/en/company/legal-topics/weee/

Батареяларды

Батареяларды тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмау керек. Пайдаланылған батареялар жергілікті жинау жүйелеріне тасталуы тиіс.

10 Деректерді қорғау нұсқаулары

11 Терминдер

Газды жылыту құрылғысы

Газды жылыту құрылғысы жанған газдың өлшенетін температурасы ретінде пайда болатын жылуды ғана емес, сонымен бірге су буының жылуына пайдаланады. Сондықтан газды жылыту құрылғыларында пайда әсер коэффициенті жоғары болады.

Ағу принципі

Су құрылғы арқылы өткенде қызады. Шетмойынның ең жоғарғы қысымына қосымша күту кезеңінсіз немесе қыздыру жұмысы режимін тоқтатусыз қысқа уақыт ішінде қол жеткізіледі.

Жұмыс қысымы

Жұмыс қысымы — жылыту құрылғысындағы қысым.

Жылытуды реттегіш

Жылытуды реттегіш сыртқы температураға қарай (сыртқы температура реттегіштері үшін) немесе таймер бағдарламасы бар ғимарат ішіндегі температураны автоматты реттеуді қамтамасыз етеді.

Обратный трубопровод системы отопления

Жылыту жүйесінің кері жүрісі — құбырдың температурасы төмендетілген желілік су қыздыру бетінен құрылғыға кері ағатын жері.

Жылыту жүйесінің су беру құбыры

Қыздыруға арналған кері құбыр — бұл жылыту суы қыздыру беттерінен неғұрлым төмен температурада құрылғыға кері ағатын құбыр.

Жылыту суы

Жылыту суы жылыту жүйесімен толтырылатын су болып табылады.

Термостат клапаны

Термостат клапаны қоршаған орта температурасына байланысты тұрақты температураны ұстап тұру үшін клапан арқылы жылыту суының ағынын төмендетуге немесе жоғарылатуға мүмкіндік беретін механикалық температура реттегіші болып табылады.

Кабель ілмегі

Сифон қауіпсіздік клапанынан ағып жатқан суды ағызуға арналған құрылғы болып табылады.

Беріліп жатқан температура

Су беру құбырындағы температура — қызған желі суы құрылғыдан қыздыру бетіне ағатын кездегі температура.





Buderus

Шетелдік өндіруші функцияларын атқаратын ұйым

Қазақстан
"Роберт Бош" ЖШС
Мұратбаев к-сі, 180
050012, Алматы, Қазақстан
Тел: 007 (727) 331 86 00
www.buderus.kz

Германиядағы Buderus
Bosch Thermotechnik GmbH
Sophienstrasse 30-32
35576 Wetzlar, Deutschland
www.buderus.de